



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 11-1-4/486

2018 жылғы «26» қазан

Астана қаласы

город Астана

2018 жылғы 9 қаңтардағы «Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының есебі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің № 11-1-4/10 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2018 жылғы 9 қаңтардағы «Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының есебі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің № 11-1-4/10 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16296 тіркелген, 2018 жылғы 9 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке тұлғамен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 2 (екі) жұмыс күні;»;

8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы арқылы кезекті брондауға болады.».

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі**

Қ. Әбдірахманов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі

_____ Д. Абаев
2018 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 08.11.2018
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 17711 болып енгізілді

Результаты согласования

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17711 болып енгізілді

Министерство иностранных дел Республики Казахстан - Руководитель управления Ержан Мұхтарұлы,
09.10.2018 12:46:12, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство информации и коммуникаций РК - Министр Даурен Аскербекович Абаев, 24.10.2018 18:31:41,
положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Министерство иностранных дел Республики Казахстан - Министр Кайрат Кудайбергенович Абдрахманов,
26.10.2018 10:25:14, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17711 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 15.11.2018.